

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 10 тамыздағы № 336 "Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешімін жою туралы

Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 ақпандағы № 398 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7- бабына сәйкес, Қарғалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 10 тамыздағы № 336 "Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4501 тіркелген, 2015 жылдың 1 қазанында № 46 аудандық "Қарғалы" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

*Аудандық мәслихаттың
сессия төрайымы
атқарушы
Л.Ильчевская*

*Аудандық мәслихат
хатшысының міндетін

И.Кунакбаев*